

**«Жаратылыстану» пәнінен тоқсандық жиынтық бағалау
спецификациясы**

5-сынып

Мазмұны

1. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты.....	3
2. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар	3
3. Күтілетін нәтижелер	3
4. Ойлау дағдыларының деңгейі.....	4
5. Ойлау дағдыларының деңгейіне байланысты тексерілетін мақсаттарды тоқсандарға бөлу..	4
6. Жиынтық бағалауды өткізу ережесі.....	5
7. Модерация және балл қою	5
1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	6
2 - ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	14
3 - ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	20
4 - ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	28

1. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының мазмұнына сәйкес, оқушылардың тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларды анықтауға бағытталған.

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу жоспарындағы тоқсан ішінде меңгеруге тиісті оқу мақсаттарына жету деңгейін тексереді.

2. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5 -сыныптарына арналған «Жаратылыстану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

3. Күтілетін нәтижелер

Білу:

- алғашқы географиялық, биологиялық, физикалық және химиялық түсініктер;
- көрнекті ғалымдардың жаратылыстану ғылымдарының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі;
- эксперименттік және практикалық жұмыстардағы қауіпсіздік ережелері;
- физикалық және химиялық шамалардың өлшем бірліктері;
- өсімдіктер мен жануарлардың негізгі топтары;
- географиялық зерттеу әдістері.

Түсіну:

- молекулалар мен органеллалар деңгейіндегі жасушаларда болатын үдерістерді;
- өсімдіктер мен жануарлардың негізгі топтарын жіктеудің принциптерін.

Қолдану:

- тірі және жансыз табиғаттағы объектілерді, үдерістер мен құбылыстарды сипаттайтын негізгі физикалық, химиялық, биологиялық, географиялық түсініктер мен терминдер;
- Халықаралық өлшем бірлігі жүйесі.

Талдау:

- жаратылыстану эксперименті нәтижесінде алынған мәліметтерді;
- графикалық және кестелік түрде ұсынылған ақпараттарды;
- процестер мен құбылыстар арасындағы себеп-салдар байланыстарын.

Синтездеу:

- тірі және жансыз табиғатта болатын процестер туралы білім.

Бағалау:

- жүргізілген тәжірибе нәтижелерін.

4. Ойлау дағдыларының деңгейі

Ойлау дағдыларының деңгейі	Сипаттама	Тапсырмалар түрлері
Білу және түсіну	қоршаған әлемнің әртүрлі заттары мен құбылыстары туралы білу; қоршаған әлемнің алуан түрлілігін, табиғи құбылыстар мен процестердің өзара байланысын түсіну; тірі және жансыз табиғатта болатын табиғат құбылыстары мен процестерінің себептері; табиғаттағы әртүрлі объектілер мен процестерді жүйелеу принциптері; жаратылыстану ғылымдарының адам қызметінің көптеген түрлері үшін маңызы.	КТБ-Көп таңдауы бар тапсырмалар ҚЖ - Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар
Қолдану	күнделікті өмірде байқалатын табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау.	ҚЖ - Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар ТЖ - Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар
Жоғары деңгей дағдылары	гипотезалар ұсыну және оларды дәлелдеу тәсілдерін ұсыну, эксперименттік мәліметтер негізінде қорытынды жасау; зерттеу сұрақтарын құрастыру және зерттеу жоспарын құру, бақылаулар мен эксперименттер барысында алынған мәліметтерді жинау, сипаттау және бағалау, қорытынды жасау; зерттеу нәтижелерін әр түрлі формада ұсыну; жаратылыстану ғылымдарындағы сыни жетістіктердің қолданбалы мәнін түсіндіріңіз.	ҚЖ - Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар ТЖ - Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар

5. Ойлау дағдыларының деңгейіне байланысты тексерілетін мақсаттарды тоқсандарға бөлу

Тоқсан	Білу және түсіну	Қолдану	Жоғары деңгейлі дағды
I	72%	14%	14%
II	29%	57%	14%
III	25%	62%	13%
IV	50%	17%	33%
Қорытынды	44%	38%	18%

6. Жиынтық бағалауды өткізу ережесі

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды: диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды жауып қойыңыз.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқауды оқыңыз және білім алушыларға жұмыстың орындалуына бөлінген уақытты хабарлаңыз. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығын ескертіңіз. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтыңыз.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына және олардың бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қоюды ұсыныңыз.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын хабарлап отырыңыз. Жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтініңіз.

7. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

1-тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны - 20

Тапсырмалар түрлері:

КТБ-Көп таңдауы бар тапсырмалар;

ҚЖ- Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар;

ТЖ -Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар.

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсанға арналған жиынтық бағалау кезінде әр түрлі тапсырмалар қолданылады:көп жауапты таңдауы бар сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады.

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін сұрақтарда білім алушылар орындаушылық және шығармашылық дағдыларын көрсетеді.

Бұл нұсқа қысқа және толық жауаптары бар сұрақтарды қамтитын 7 тапсырмадан тұрады.

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға жауапты сандық, сөздік немесе қысқа сөйлем түрінде жазады. Толық жауап беруді қажет ететін сұрақтарда оқушы максималды балл жинау үшін тапсырмаларды шешуде барлық іс-қимылдар тізбегін көрсетуі керек. Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерді / сұрақтарды қамтуы мүмкін.


1 – тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

Бөлім	Тексерілетін оқу мақсаты	Ойлау дағдыларының деңгейі	Тапсырма саны*	Тапсырма №*	Тапсырманың түрі*	Орындалу уақыты, мин*	Балл*	Бөлімге берілетін балл саны
5.1А Ғылым әлемі	5.1.3.2 зерттеу жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін тұжырымдау	Қолдану	1	1	ҚЖ	7	3	7
	5.1.5.1 қайталанған өлшеулер кезіндегі арифметикалық орташа шаманы есептейді және тенденцияларын анықтау	Жоғары деңгей дағдылары	1	2	ТЖ/ҚЖ	8	4	
5.1В Адам, Жер. Ғалам	5.2.1.1 макро- және микроәлем нысандарын ажырата білу және мысалдар келтіру	Білу және түсіну	1	3	ҚЖ	6	3	13
	5.2.4.1 Жерде тіршіліктің пайда болуын сипаттау	Білу және түсіну	2	4	ҚЖ КТБ	7	4	
	5.2.4.2 тіршілік етуге қажетті жағдайларды анықтау			5				
	5.2.5.1 «жоспар» және «шартты белгілер» ұғымдарын түсіндіру	Білу және түсіну	1	6	КТБ / ҚЖ	7	3	
	5.2.6.2 мұхиттарды зерттеу тарихын сипаттау	Білу және түсіну	1	7	ҚЖ	5	3	
БАРЛЫҒЫ:						40	20	20
Ескерту: * - өзгеріс енгізуге болатын бөлімдер								

Тапсырмалар мен балл қоюдың үлгісі
«Жаратылыстану» пәні бойынша 1-тоқсанға жиынтық бағалауға арналған
тапсырмалар

1. Мұғалім оқушыларға ермексаз, карандаш және үстел шамын ұсына отырып, заттардың көлеңкесі неге байланысты түсетіндігін зерттеуді тапсырды. Оқушылар бұл сарамандық жұмысты бастамас бұрын қауіпсіздік ережелерін анықтау қажет.

Төмендегі берілген суреттерді қолдана отырып, сарамандық жұмысқа қажетті қауіпсіздік ережелерін анықта.



Кілтті сөздерді пайдалан: халат кию, электр тоғымен жұмыста сақ бол, ермексазбен жұмыс жасауда сақтық шараларын қолдану қажет емес, қолды үнемі жуу, қолды жұмыстан кейін су сабын арқылы жуу керек.

[3]

2. (а) Айдар бірінші күні өзін өте жақсы сезінді, оның дене температурасы 36°C болды. Екінші және үшінші күндері өзін жайсыз сезінді, денесі тоңып, тамағы ауырып, қызу пайда бола бастады, дене температурасы екі күн бойына 39°C көрсетті (2-сурет). Ол медбике бақылауында болып ем қабылдады. Төртінші күні дене температурасы қалыпты 36°C болды. Айдардың төрт күн ішіндегі дене температурасының орташа арифметикалық мәнін тап.



2 - сурет

.....

 [2]






(b) Ем қабылдағанан кейін Айдардың температурасы қалай өзгергенің сөзбен сипатта.

..... [1]

(c) Жоғары температура кезіндегі Айдардың денсаулығындағы бір сипатын жазыңыз.

..... [1]

3. А, В, С, D, Е және F әріптерімен макро және микро әлем нысандары берілген.



Әріптер арқылы микро және макроәлем нысандарын жіктеңіз:

Микроәлем нысандары:

Макроәлем нысандары:

[3]

4. (a) Жердегі тіршіліктің пайда болуын зерттеген ғалымдарды анықта:

Зерттеуші ғалым	Мәліметтер
	Жерде ең мықтылар өмір сүреді: тіршілік үшін күрес пен табиғи сұрыптауды зерттеген ғалым
	Жерде өмір ғарыштан пайда болды деп болжаған ғалым

[2]

4 (b) Флора мен фаунаның көбейіп, сан алуантүрлерге ие болған дәуірді анықта:

- A) Архей
- B) Кайназой
- C) Мезозой
- D) Палезой

[1]

5. 5.1 - суретте берілген өсімдікке қажетті жағдайды анықта:




5.1 - сурет

- A) су
- B) ауа
- C) күн
- D) топырақ

[1]

6. Суретте жергілікті аумақ планы бейнеленген.



6.1 - сурет

(a) 6.1- суретте берілген жергілікті аумақ планының түрін анықтаңыз:

- A) полярлық
- B) көзөлшемдік
- C) бағытжолдық
- D) көзөлшемдік және полярлық

[1]

(b) 6.1- суретте берілген жергілікті аумақ планында келтірілген шартты белгілерге атау беріңіз:



[2]

7. «Мұхиттарды зерттеу» мәтінін оқып, жетіспейтін сөздерді толықтырып жазыңыз.

Мұхит түбін игеру ХІХ ғасырда ғана басталады. (1)_____ ғасырда мұхит түбіне жасалған арнайы экспедициялар нәтижесінде ірі тау жоталары, суасты жанартауы, ыстық ойпат ашылды. 1960 жылы зерттеушілер Жак Пикар мен Дон Уолш (2) _____ құралы көмегімен әлемдегі ең терең (3)_____ шұңғымасының түбіне, 11022 м тереңдікке түсті.

[3]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	халат кию, қолды жұмыстан кейін су сабын арқылы жуу керек, электр тоғымен жұмыста сақ бол.	3	
2 (a)	$CA = (36+39+39+36)/4 = 37.5$	1 1	1 балл есептеу жолы 1 балл дұрыс жауабына Сандық мәнді дөңгелектеп жазса қабылдауға болады.
(b)	Температура төмендеді/ түсті/ азайды/ қалпына келді/	1	
(c)	қызулау тамақ ауруы жайсыз сезінуі денесінің тоңуы	1 1 1 1 Max [1]	Кез келген 1 жауап қабылданады
3	Микроәлем нысандары: В, С, D, F. Макроәлем нысандары: А, Е.	3	Екі дұрыс жауапқа 1 балл беріледі
4 а	Ч. Дарвин	1	
	И. Рихтер	1	
4 b	С	1	
5	А	1	
6	С - Бағытжолдық	1	
	А – кесілген орман	1	
	В – қылқанды орман	1	
7	20 ғасыр/ XX ғасыр Батискаф Мариан / Мариан шұңғымасы	1 1 1	
	Қорытынды	20	

2 - ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

2-тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны - 20

Тапсырмалар түрлері:

КТБ-Көп таңдауы бар тапсырмалар;

ҚЖ- Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар;

ТЖ -Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар.

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсанға арналған жиынтық бағалау кезінде әр түрлі тапсырмалар қолданылады:көп жауапты таңдауы бар сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады.

Бұл нұсқа қысқа және нақты жауаптары бар бірнеше тапсырманы қамтитын 6 тапсырмадан тұрады.

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға жауапты сандық, сөздік немесе қысқа сөйлем түрінде жазады. Көп таңдауды қажет ететін сұрақтарда білім алушылар ұсынылған нұсқалардың дұрысы жауаптарын таңдайды.

Толық жауап беруді қажет ететін сұрақтардабілім алушылар максималды балл жинау үшін тапсырмаларды шешуде барлық қажетті шешімдер тізбегін көрсетуі керек. Білім алушылардың математикалық әдістерді таңдауы және қолдана білу қабілеті бағаланады.


Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерді / сұрақтарды қамтуы мүмкін.

2 – тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

Бөлім	Тексерілетін оқу мақсаты	Ойлау дағдыларының деңгейі	Тапсырма саны*	Тапсырма №*	Тапсырманың түрі*	Орындалу уақыты, мин*	Балл*	Бөлімге берілетін балл саны
5.2 Заттар және материалдар	5.3.1.1 бөлшектердің сұйық және газтекес заттарда таралуын түсіндіру	Білу және түсіну	1	1	ҚЖ	3	3	20
	5.3.1.2 заттардың қатты, сұйық және газ күйіндегі құрылымын бөлшектер теориясына сәйкес түсіндіру	Қолдану	1	2	ҚЖ	6	4	
	5.3.1.4 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату	Қолдану	1	3	ҚЖ	4	4	
	5.3.2.3 құрамы белгілі ерітіндіні дайындау	Қолдану	1	4	ҚЖ	8	5	
	5.3.2.4 еріген заттың массалық үлесін есептеу	Қолдану	1	5	ТЖ	6	3	
	5.3.3.1 кейбір табиғатта түзілген және жасанды жолмен алынған заттарға мысалдар келтіру	Білу және түсіну	1	6	ҚЖ	4	1	
БАРЛЫҒЫ:						40	20	20
<i>Ескерту: * - өзгеріс енгізуге болатын бөлімдер</i>								

Тапсырмалар мен балл қоюдың үлгісі
«Жаратылыстану» пәні бойынша 2-тоқсанға жиынтық бағалауға арналған
тапсырмалар

1. Суретте бөлшектердің таралуы бейнеленген.



1.1 – сурет

А, В және С жағдайдағы заттардың агрегаттық күйін анықтаңыз

A
 B
 C

[3]

2. 1.1 – суретте келтірілген суретті қолданып, кестеде қалып қойған ұяшықтарды толықтырыңыз.

	A	B	C
Көлемі	Көлемін сақтайды		
Пішіні		Пішіні сақталмайды	Сақталмайды
Молекулалар орналасуы		Молекулалар бір-біріне жақын, кездейсоқ орналасады. Олар көлемін сақтай отырып, ұзақ қашықтыққа таралмайды	Молекулалар арасындағы қашықтық әлдеқайда көп


[4]

3. Кестеде физикалық және химиялық құбылыстардың мысалдары берілген. Физикалық және химиялық құбылыстарды «+» немесе «-» қою арқылы анықтаңыз.

Құбылыстар	Физикалық құбылыс	Химиялық құбылыс
шегенің тот басуы,		+
найзағайдың жарқылуы	+	
кемпірқосақтың пайда болуы	+	
сүттің ашуы		+

[4]

4. 4.1 -суретте ертінді түрлері бейнеленген.



4.1 – сурет

(a) 4.1 – суреттегі А және В ерітінділердің түрін анықтаңыз:

А
В

[2]


(b) Осы ерітінділерде ортақ қандай зат бар екенінін анықтаңыз:

.....
[1]

(c) Кез келген ерітіндінің негізгі көмпоненттерін атаңыз және мысал келтіріңіз:

.....
.....
.....
[2]

5. 5.1 суретте ерітінді көрсетілген.



30 грамм тұзды суда еріткенде 100 грамм ерітінді алынған. Қанша су қажет екенін және еріген заттың массалық үлесін есептеңіз.

.....
.....
.....
.....
.....

[3]

6. Капрон, нейлон, зығыр, мақта, лавсан және жібек талшықтары берілген.
Синтетикалық талшықтарды анықтап жазыңыз.

.....

[1]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат																
1	А.қатты В. сұйық/ сұйықтық С.газ тәрізді/ газ тектес/ газ	1 1 1																	
2	<table border="1"> <thead> <tr> <th></th><th>А</th><th>В</th><th>С</th></tr> </thead> <tbody> <tr> <td>көлемі</td><td>Көлемін сақтайды</td><td>Көлемін сақтайды</td><td>сақталмайды</td></tr> <tr> <td>пішіні</td><td>Пішінін сақтайды</td><td>пішінін сақталмайды</td><td>сақталмайды</td></tr> <tr> <td>молекулалар орналасуы</td><td>Молекулалар тығыз орналасқан. Молекулалар белгілі бір ретпен орналасады</td><td>Молекулалар бір-біріне жакын, кездейсоқ орналасады. Олар сұйықтық көлемін сақтай отырып, ұзақ қашықтыққа таралмайды.</td><td>Молекулалар арасындағы қашықтық сұйықтықтарға қарағанда әлдеқайда көп.</td></tr> </tbody> </table>		А	В	С	көлемі	Көлемін сақтайды	Көлемін сақтайды	сақталмайды	пішіні	Пішінін сақтайды	пішінін сақталмайды	сақталмайды	молекулалар орналасуы	Молекулалар тығыз орналасқан. Молекулалар белгілі бір ретпен орналасады	Молекулалар бір-біріне жакын, кездейсоқ орналасады. Олар сұйықтық көлемін сақтай отырып, ұзақ қашықтыққа таралмайды.	Молекулалар арасындағы қашықтық сұйықтықтарға қарағанда әлдеқайда көп.	4	Ұяшықта қалып қойған жерлер толығымен дұрыс толтырылса толық балл беріледі.
	А	В	С																
көлемі	Көлемін сақтайды	Көлемін сақтайды	сақталмайды																
пішіні	Пішінін сақтайды	пішінін сақталмайды	сақталмайды																
молекулалар орналасуы	Молекулалар тығыз орналасқан. Молекулалар белгілі бір ретпен орналасады	Молекулалар бір-біріне жакын, кездейсоқ орналасады. Олар сұйықтық көлемін сақтай отырып, ұзақ қашықтыққа таралмайды.	Молекулалар арасындағы қашықтық сұйықтықтарға қарағанда әлдеқайда көп.																
3	Физикалық құбылыс: найзағайдың жарқылы, кемпірқосақтың пайда болуы Химиялық құбылыстар: шегенің тот басуы, сүттің ашуы	1 1 1 1																	
4 а	А - Біркелкі қоспа/ біртекті қоспа	1																	
	В - Біркелкі емес қоспа/ әртекті қоспа	1																	
4 б	Ортақ зат: су	1																	
4 с	Ерітіндінің компоненттері: еріген зат және еріткіш Мысал: су мен тұз, құммен су	1 1	Ерітінді компоненттерді толық айтылғанда 1 балл беріледі. Мағынасы жоғалтпаған мысалдар қабылданады																
5	1) Суды $100 - 30 = 70$ г Массалық үлес (%) = $\frac{\text{зат массасы}}{\text{ерітінді массасы}} \times 100\%$ 2) Массалық үлесі (%) = $(30/100) \times 100\% = 30\%$	1 1 1																	
6	Синтетикалық талшықтар: капрон, нейлон, лавсан	1	3 дұрыс жауапқа 1 балл беріледі																
	Қорытынды	20																	

3 - ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

3-тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны - 20

Тапсырмалар түрлері:

КТБ - Көп таңдауы бар тапсырмалар;

ҚЖ- Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар;

ТЖ -Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар.

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсанға арналған жиынтық бағалау кезінде әр түрлі тапсырмалар қолданылады:көп жауапты таңдауы бар сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады.

Бұл нұсқа қысқа және нақты жауаптары бар бірнеше тапсырманы қамтитын 7 тапсырмадан тұрады.

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға жауапты сандық, сөздік немесе қысқа сөйлем түрінде жазады. Көп таңдауды қажет ететін сұрақтарда білім алушылар ұсынылған нұсқалардың дұрысы жауаптарын таңдайды.

Толық жауап беруді қажет ететін сұрақтардабілім алушылар максималды балл жинау үшін тапсырмаларды шешуде барлық қажетті шешімдер тізбегін көрсетуі керек. Білім алушылардың математикалық әдістерді таңдауы және қолдана білу қабілеті бағаланады.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерді / сұрақтарды қамтуы мүмкін.

3– тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

Бөлім	Тексерілетін мақсаттар	Ойлау деңгейінің дағдылары	Тапсырма * саны	№ тапсырма*	Тапсырма түрі*	Орындалу уақыты/мин*	Балл *	Бөлім бойынша балл саны
5.3 А Жанды және жансыз табиғаттағы үрдістер	5.4.1.1 өлі табиғатта болатын үдерістерді атау (табиғатта заттардың айналымы, тау түзілу, үгілу, климаттық үдерістер)	Білу және түсіну	1	1(a)	ҚТБ	8	1	10
	5.4.1.2 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарын түсіндіру	Қолдану		1(b)	ТЖ		3	
	5.4.2.2 тірі ағзалардың құрылымдық деңгейлерін сипаттау	Қолдану	1	2	ҚТБ ҚЖ	4	2	
	5.4.2.3 микроскоппен жұмыс істеу ережелерін қолдану	Білу және түсіну	1	3	ҚЖ	3	1	
	5.4.2.5 фотосинтез үдерісін түсіндіру	Қолдану	1	4	ҚЖ	5	3	
5.3В Энергия және қозғалыс	5.5.1.2 температура мен жылу энергиясын ажырату	Қолдану	1	5	ҚЖ	6	3	10
	5.5.1.3 термометрді пайдалана отырып температураны өлшеу	Қолдану	1	6	ҚЖ	6	3	
	5.5.2.1 тірі және өлі табиғатта қозғалыстың маңыздылығына мысалдар келтіру және түсіндіру	Жоғары деңгей дағдылары	1	7	ҚЖ, ТЖ	8	4	
БАРЛЫҒЫ:						40	20	20
<i>Ескерту: * - өзгертулер енгізуге болатын бөлімдер</i>								

Тапсырмалар мен балл қоюдың үлгісі
«Жаратылыстану» пәні бойынша 3-тоқсанға жиынтық бағалауға арналған
тапсырмалар.

1 (a) 1.1 – суретке назар аударыңыз.



1.1 - сурет

Суретті қолданып, өлі табиғатта жүретін өзгерістердің үдерісін анықтаңыз:

- A. Топырақтың түзілуі
- B. Таудың пайда болуы
- C. Топырақтың эрозиясы
- D. Табиғаттағы айналымы

[1]

(b) 1.1 суретте көрсетілген өзгерістің бір себебін және салдарын анықтаңыз:


[3]

2. (a) Тірі ағзалардың құрылымдық деңгейі иерархиялық тәртіпте ұйымдастырылған. Құрылымдық деңгейін ең кішісінен ең үлкеніне дейін дұрыс реттілігін анықтаңыз.

- A. мүшелер жүйесі – жасуша – молекула – мүше - ағза – ұлпа
- B. жасуша – молекула – мүшелер жүйесі – мүше – ұлпа – ағза
- C. молекула – мүше – жасуша – ұлпа – ағза – мүшелер жүйесі
- D. молекула – жасуша – ұлпа – мүше – мүшелер жүйесі – ағза

[1]


(b) 2.1- суретте берілген А және В популяция мысалдарын атаңыз.



2.1 -сурет

[1]

3. 3.1 - суретте пияз жасушасының микропрепаратын дайындау реті көрсетілген.




3.1 - сурет

Пияз жасушасының микропрепаратын дайындаудың дұрыс реттілігін анықта.

Жауабын сандармен жазыңыз: ____ → ____ → ____ → ____ → ____ → ____ → ____

[1]

4. 4.1-суретте өсімдікте жүретін үдеріс бейнеленген.



4.1-сурет

(a) Суреттегі өсімдік үдерісін анықтаныз

[1]

(b) Суреттегі үдеріске қатысатын заттарды жазыңыз


[1]

(c) Суреттегі үдерісте пайда болатын өнімдерді жазыңыз

[1]

5. Жылу энергиясы - бұл барлық заттар мен денелерді құрайтын бөлшектердің қозғалуымен байланысты энергия түрі.

5.1 -суретте су молекулаларының әртүрлі жылдамдықпен қозғалатыны көрсетілген.



5.1 – сурет

(a) Молекулалардың қозғалу жылдамдығы қай ыдыста жоғары екенін анықтаныз.

[1]


(b) Бөлме температурасындағы күміс қасықтар суретте көрсетілген екі ыдыстағы суға салынды.

Әр ыдыстағы қасықтың температурасы қалай өзгереді?

1
2.....

[2]

6. 6.1 суретте Асанның термометр арқылы температураны анықтаған көрсеткіштері берілген.



(a) A, B, C жағдайларындағы қатесін анықтап, дұрыс көрсеткішті жазыңыз.

[1]

(b) D және E термометр көрсеткішін анықтаңыз.

D

E

[2]

7. Өлі және тірі табиғат кестеде бірілген:

Жер, құс, тышқан, су

(a) Кестеде берілген өлі және тірі табиғат үшін қозғалыстың бір мысалын келтіріңіз:

Тірі табиғат үшін: [1]

Өлі табиғат үшін: [1]

(b) Келтірілген тірі және өлі табиғат мысалын пайдалана отырып, қозғалыстағы маңыздылығын сипаттаңыз.

[2]

Балл қою кестесі

№ тапсырма	Жауаптары	Балл	Қосымша ақпарат
1 (a)	C	1	
1 (b)	Себебі: Аңызак желдің әсері, судың шаюуы әсерінен, Салдары: - Топырақтың құнарлы (гумус) қабатының жоюлуына апарады, - Өсімдіктердің өсуі тежеледі/ жойылады/ нашарлайды/ саны азаяды	1 1 1	Кез келген дұрыс жауапқа 1 балл беріледі.
2 a	D	1	
2 b	А.табын В.қасқырлар отары	1	Екі жауапты дұрыс жазса, 1 балл беріледі
3	Микропрепаратты дайындаудың реттілігі : 1→2→4→3→5 →7→6	1	Толық жауапқа 1 балл беріледі
4(a)	Фотосинтез үдерісі / фотосинтез	1	
4(b)	- Көмірқышқыл газы - Жарық көзі/күн энергиясы/ күн/ күн сәулесі/ күн жарығы - Су	1	Толық 3 жауапқа 1 балл беріледі
4 (c)	Шығатын өнімдер: - оттегі, - глюкоза /крахмал/қант (көмірсу).	1	Толық 2 жауапқа 1 балл беріледі
5	а) екінші ыдыс б) бірінші ыдыста қасықтың температурасы <i>төмендейді</i> , екінші ыдыста - ол <i>көтеріледі/жоғарылайды</i>	1 1 1	Курсивпен жазылған кілтті сөздерді қабылдаңыз.
6	(a) C. 5° C (b) D. 44° C E 22° C	1 1 1	Қатесі және көрсеткішін дұрыс анықтаған кезде 1 балл беріледі.
7 (a)	Өлі табиғат: - жер шары: жер өз осінің айналасында қозғалуы - су зат айналымға қатысады Тірі табиғат: - Құстар қозғалу мүшелері: қанаттарының көмегімен ұшады - тышқан қозғалу мүшесі: аяқтарымен секіреді, жүгіреді.	1 1	Әр жауап дұрыс түсіндірілсе 1 балл беріледі. Оқушының басқа да берілген жауаптары шындыққа жанасса қабылданады.
(b)	Мағынасы: су айналымы - су қоймалары аз аймақтардағы жауын-шашын - тұщы су көзі,	1	Кез келген тірі және өлі

	жауын-шашын топыраққа еніп, өсімдіктердің тамырымен қоректенуін қамтамасыз етеді. / Мағынасы: Жердің өз осі мен Күнді айналуы - күн мен түннің өзгеруі, жерде тіршілік еткен әр ағза үшін маңыздылығы. Мағынасы: Құс мен тышқандардың қозғалуы - қоректену / қорек іздеу / жыртқыштардан қорғану / көбею.	1 1 Мах [2]	табиғаттың бір мысалын сипаттаса 1 балл беріледі. Оқушының басқа да берілген жауаптары шындыққа жанасса қабылданады.
--	--	----------------------------------	---

4 - ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

4 - тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны - 20

Тапсырмалар түрлері:

КТБ-Көп таңдауы бар тапсырмалар;

ҚЖ- Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар;

ТЖ -Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар.

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсанға арналған жиынтық бағалау кезінде әр түрлі тапсырмалар қолданылады:көп жауапты таңдауы бар сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады.

Бұл нұсқа қысқа және нақты жауаптары бар бірнеше тапсырманы қамтитын 6 тапсырмадан тұрады.

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға жауапты сандық, сөздік немесе қысқа сөйлем түрінде жазады. Көп таңдауды қажет ететін сұрақтарда білім алушылар ұсынылған нұсқалардың дұрысы жауаптарын таңдайды.

Толық жауап беруді қажет ететін сұрақтардабілім алушылар максималды балл жинау үшін тапсырмаларды шешуде барлық қажетті шешімдер тізбегін көрсетуі керек. Білім алушылардың математикалық әдістерді таңдауы және қолдана білу қабілеті бағаланады.


Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерді / сұрақтарды қамтуы мүмкін.

4 – тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

Бөлім	Тексерілетін мақсаттар	Ойлау деңгейінің дағдылары	Тапсырма* саны	№ тапсырма*	тапсырма түрі*	Орындалу уақыты/мин*	Балл*	Бөлім бойынша балл саны
5.4 А Экология және тұрақты даму	5.6.1.1 экожүйенің құрамдас бөліктерін анықтау	Қолдану	1	1	ҚЖ	3	1	17
	5.6.1.3 экожүйеге экологиялық факторлардың ықпал етуін түсіндіру	Қолдану	1	2	ҚЖ	8	6	
	5.6.1.4 табиғи және жасанды экожүйелерді салыстыру	Жоғары деңгей дағдылары	1	3	ТЖ	9	6	
	5.6.2.2 біржасушалы және көпжасушалы ағзаларды сипаттау	Білу және түсіну	1	4	КТБ	8	2	
	5.6.3.1 Қазақстан Республикасының экологиялық мәселелерін атау	Білу және түсіну	1	5	ҚЖ	6	2	
5.4 В Әлемді өзгертетін жаңалықтар	5.7.1.1 әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтарға мысалдар келтіру	Білу және түсіну	1	6	ҚЖ	6	3	3
Қорытынды:			6			40	20	20
<i>Ескерту: * - өзгертулер енгізуге болатын бөлімдер</i>								

Тапсырмалар мен балл қоюдың үлгісі
«Жаратылыстану» пәні бойынша 4 -тоқсанға жиынтық бағалауға арналған
тапсырмалар.

1. Суреттегі «Экожүйе компоненттері» көрсетілген.



1.1 – сурет

Тірі табиғаттың екі мысалын жазыңыз

.....
.....

[1]

2. (a) Күзде кейбір құстар ауа райы жылы жаққа ұшып кетеді. Егер күз жылы болса, олар ұшуды кейінге қалдырады. Бұл көбінесе жәндіктерімен, ұсақ кеміргіштермен немесе бақа сияқты жануарлармен қоректенетін құстарға қатысты.

Мәтіндегі құстардың миграциясына әсер ететін экологиялық факторларды анықтаңыз және ол факторлардың түрлерін жазыңыз.

.....
.....
.....
.....

[4]

(b) (i) Маңғыстау облысы ақбөкен жайылымы үшін қолайлы жер болып саналады. Бірақ қазіргі таңда браконьерлер кесірінен ақбөкен саны азайып барады.

Ақбөкен санына әсер ететін экологиялық факторларды анықтаңыз

.....


[1]

(ii) Маңғыстау облысында ақбөкеннің санының азаюы қандай жағдайға әкелуі мүмкін.

.....
.....
.....

[1]

3. Екі А және В суретін салыстыра отырып, экожүйе түрлерін анықтаңыз.



А
3.1 – сурет

В

Салыстыру ерекшеліктері	Экожүйе А	Экожүйе В
Атауы		
Алуан түрлілігі		
Адамның қатысуы		

[6]


4. Біржасушалы және көпжасушалыға қатысты берілген сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз:

Ағзалар	Сипаттамалар
А. Біржасушалы	1. Дене жасушасы тыныс алады, қозғалады, өседі, тамақтанады және көбеюге қабілетті. 2. Құрылымды жасушалар ұлпаларды құрайды.
В. Көпжасушалы	3. Ағзаның денесі пішіні, мөлшері және атқаратын қызметі бойынша ерекшеленетін жасушалардан тұрады. 4. Ағза жасушасы дербес өмір сүре алады. 5. Оларға: амеба, вольвокс, инфузория жатады. 6. Оларға: гидра, қайың, қарға, бақа.

А - _____ [1]

В - _____ [1]

5. 5.1 суретте Қазақстанның Арал теңізінің экологиялық аймағы көрсетілген.



5.1 - сурет

Арал теңізінің экологиялық мәселелерін атаңыз

.....

.....

.....

.....

[2]

6. 6.1 кестеде әлемді өзгерткен жаңалықтар бойынша логикалық тізбек көрсетілген.

Адамзаттың технологиялық прогресінің дамуындағы бастапқы нүктесі болған жаңалықтарды анықтап тізбекті толықтырыңыз.

А.		→ телефон	→ радио	→ теледидар
В.		→ күйме	→ арба	→ велосипед
С.		паровоз		
		Моторлы кеме		
		автомобиль		

Балл қою кестесі

№ тапсырма	Жауаптары	Балл	Қосымша ақпарат												
1	Тышқан Қасқыр Жылан Санырауқұлақ Ағаш Шөп	1 1 1 1 1 1 max[1]	Кез келген екі дұрыс жауап қабылданады .												
2(a)	Абиотикалық фактор: -Температура/ауа райы/мезгілдің ауысуы Биотикалық фактор: -Қоректік заттардың азаюы	1 1 1 1													
(b)	(i) Антропогендік фактор (ii) экожүйе бұзылады	1 1													
3	<table> <tr> <th>Салыстыру ерекшеліктері</th> <th>Экожүйе А</th> <th>Экожүйе В</th> </tr> <tr> <td>Атауы</td> <td>Жасанды</td> <td>Табиғи</td> </tr> <tr> <td>Алуан түрлілігі</td> <td>Төмен/аз</td> <td>Жоғары/көп</td> </tr> <tr> <td>Адамның қатысуы</td> <td>Қатысады/бар/ия</td> <td>Қатыспайды/жоқ/жоқ</td> </tr> </table>	Салыстыру ерекшеліктері	Экожүйе А	Экожүйе В	Атауы	Жасанды	Табиғи	Алуан түрлілігі	Төмен/аз	Жоғары/көп	Адамның қатысуы	Қатысады/бар/ия	Қатыспайды/жоқ/жоқ	6	
Салыстыру ерекшеліктері	Экожүйе А	Экожүйе В													
Атауы	Жасанды	Табиғи													
Алуан түрлілігі	Төмен/аз	Жоғары/көп													
Адамның қатысуы	Қатысады/бар/ия	Қатыспайды/жоқ/жоқ													
4	A-4,1,5 B- 3,2,6	2	Кез келген 3 дұрыс жауапқа 1 балл беріледі.												
5	Арал теңізінің тайыздануы/суының азаюы/ тұздың желмен көтерілуі/ шөлейттену және топырақтың деградациясы/ топырақтың бүлінуі/бұзылуы/	2	Кез келген 2 дұрыс жауап қабылданады .												
6	A. Телеграф B. Дөңгелек/ шина C. Бу машинасы	1 1 1													
Барлығы		20													